

## **Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы**

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы N 126 Заңы.

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда көзделген - ҚР 02.08.2015 № 342-V Заңымен (01.07.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

### **МАЗМҰНЫ**

Ескерту. Мәтінде "тарау" деген сөздің алдындағы "I - V" деген цифрлар тиісінше "1 - 5" деген цифрлармен ауыстырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен, бүкіл мәтін бойынша "16 жасқа", "18 жасқа", "18 жастан", "23 жастан" деген сөздер тиісінше "он алты жасқа", "он сегіз жасқа", "он сегіз жастан", "жиырма үш жастан" деген сөздермен, "I", "II", "III" деген цифрлар тиісінше "бірінші", "екінші", "үшінші" деген сөздермен ауыстырылды - 2004.12.31. № 28 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді).

### **1 тарау. Жалпы ережелер**

#### **1-бап. Азаматтардың мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар алуға құқығы**

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының осы Заңда және Қазақстан Республикасының оған сәйкес қабылданған өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген негіздерде және тәртіппен мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар алуға құқығы бар.

2. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алу құқығын пайдаланады.

3. Бір мезгілде әртүрлі мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар алуға құқығы бар адамдарға олардың тыңдауы бойынша бір жәрдемақы тағайындалады.

4. Алып тасталды - ҚР 17.03.2015 № 293-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 1-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1999.11.16 № 482, 2005.12.15 № 101 (01.01.2006 бастап күшіне енеді); 17.03.2015 № 293-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.08.2015 № 342-V (01.07.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **1-1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесі (бұдан әрі – МӘС бөлімшесі) – уәкілетті мемлекеттік органның медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізетін құрылымдық бөлімшесі;

2) мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақылар (бұдан әрі – жәрдемақылар) – бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын, азаматтарға мүгедектік туындаған кезде және асыраушысынан айырылған кезде берілетін ай сайынғы ақшалай төлемдер;

3) орталық атқарушы орган – халықты әлеуметтік қорғау саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

4) уәкілетті мемлекеттік орган – халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі;

5) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға.

**Ескерту. 1-тарау 1-1-баппен толықтырылды - ҚР 2004.12.20. № 13 (01.01.2005 бастап күшіне енеді), жаңа редакцияда - ҚР 17.03.2015 № 293-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 02.08.2015 № 342-V (01.07.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 17.11.2015 № 408-V (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.07.2018 № 165-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **2-бап. Жәрдемақылар төлеуге арналған қаражат**

Осы Заңға сәйкес жәрдемақылар төлеу бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 2-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

## **3-бап. Жәрдемақылар тағайындау тәртібі**

1. Жәрдемақылар тағайындау үшін өтініш жасау жәрдемақыға құқығы туындағаннан кейін, қандай да бір мерзіммен шектелмей кез келген уақытта жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Егер өтініш жасаған кезде адамға мүгедектік белгіленген болса, мүгедектігі бойынша жәрдемақы тағайындау туралы өтініш тізбесін орталық атқарушы орган айқындайтын құжаттар қоса беріле отырып, Мемлекеттік корпорацияға беріледі.

Мүгедектік алғаш рет белгіленген кезде, адам мүгедектігі бойынша жәрдемақы тағайындау үшін МӘС бөлімшесіне өтініш жасауға құқылы.

Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақы тағайындауға өтінішті жәрдемақыға құқығы бар өтініш беруші тізбесін орталық атқарушы орган айқындайтын құжаттарды қоса бере отырып, Мемлекеттік корпорацияға береді.

3. Азаматтарға жәрдемақы тағайындауды орталық атқарушы орган айқындаған тәртіппен уәкілетті мемлекеттік орган жүргізеді.

4. Өтініштің барлық қажетті құжаттарымен қоса осы баптың 2-тармағында көрсетілген органда немесе ұйымда тіркелген күні жәрдемақы тағайындауға өтініш жасалған күн болып есептеледі.

Өтініш берушіге жәрдемақы тағайындаудан бас тартылған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік орган бас тарту себептерін жазбаша уәждеуге және өтініш берушіге құжаттарын Мемлекеттік корпорация арқылы қайтаруға міндетті.

5. Уәкілетті мемлекеттік органның шешіміне сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

**Ескерту. 3-бап жаңа редакцияда - ҚР 17.03.2015 № 293-V Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); өзгерістер енгізілді – ҚР 02.08.2015 № 342-V (01.07.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 17.11.2015 № 408-V (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **4-бап. Жәрдемақының бір түрінен екіншісіне ауыстыру**

Жәрдемақы алатын адамның өтініші негізінде орталық атқарушы орган айқындайтын тәртіппен, өтініш барлық қажетті құжаттармен қоса Мемлекеттік корпорацияда тіркелген күннен бастап жәрдемақының бір түрінен екіншісіне ауыстыру жүргізіледі.

**Ескерту. 4-бап жаңа редакцияда - ҚР 17.11.2015 № 408-V Заңымен (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).**

### **5-бап. Жәрдемақылар тағайындау мерзімі**

**1. Алып тасталды - ҚР 02.08.2015 № 342-V Заңымен (01.07.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).**

1-1. Жәрдемақылар тағайындау мерзімі өтініш барлық қажетті құжаттармен қоса Мемлекеттік корпорацияда тіркелген күннен бастап сегіз жұмыс күнінен аспайды.

2. Мүгедектігі бойынша жәрдемақы мүгедектігі белгіленген күннен бастап, бірақ оны тағайындауға өтініш берген күнге дейін әрі кеткенде 3 айдан аспайтын мерзім үшін тағайындалады.

3. Асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша жәрдемақылар жәрдемақыға құқығы пайда болған күннен бастап тағайындалады, бірақ барлық қажетті құжаттармен жәрдемақыға тағайындауға өтініш берілген күнге дейін әрі кеткенде 12 айдан аспайтын мерзім үшін.

4. Алып тасталды - ҚР 17.03.2015 № 293-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20. № 13 (01.01.2005 бастап күшіне енеді); 17.03.2015 № 293-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.08.2015 № 342-V (01.07.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 17.11.2015 № 408-V (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **6-бап. Жәрдемақыларды төлеу тәртібі**

1. Жәрдемақы төлеу ағымдағы ай үшін жүргізіледі. Жәрдемақы алушы қайтыс болған жағдайда жәрдемақы қайтыс болған айына қоса төленеді.

1-1. Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) стационар жағдайында тұратын және мемлекеттің толық қамсыздандыруындағы адамдарға мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар:

егер жәрдемақының тағайындалған мөлшері республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен болған жағдайда, осы Заңның 12 және 16-баптарында көзделген мөлшерлерде; осы Заңның 12 және 16-баптарына сәйкес тағайындалған жәрдемақы мөлшерінің 30 пайызы көлемінде, бірақ республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен емес көлемде төленеді.

Психоневрологиялық аурулары бар адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) стационар жағдайында тұратын және мемлекеттің толық қамсыздандыруындағы адамдарға мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар осы Заңның 12 және 16-баптарына сәйкес тағайындалған жәрдемақы мөлшерінің 30 пайызы көлемінде төленеді.

Жәрдемақылардың тағайындалған мөлшерінің 70 пайызын аудару жеке банктік шотқа немесе медициналық-әлеуметтік мекемелердің (ұйымдардың) қолма-қол ақшаны бақылау шоттарына жүргізіледі.

Медициналық-әлеуметтік мекемелердің (ұйымдардың) көрсетілген қаражатты пайдалану тәртібін орталық атқарушы орган айқындайды.

1-2. Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) стационар жағдайында тұратын және мемлекеттің толық қамсыздандыруындағы, тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балаларға мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар толық көлемде төленеді.

1-3. Алушы медициналық-әлеуметтік мекемелерден (ұйымдардан) шыққан жағдайда, мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны төлеу шыққан айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап толық көлемде қайта басталады.

2. Алушы уақытында талап етпеген жәрдемақылардың есептелген сомасы өткен уақыт үшін, бірақ оларды алу үшін өтініш беру алдындағы 3 жылдан аспайтын уақытқа төленеді.

3. Уәкілетті мемлекеттік органның, Мемлекеттік корпорациясының кінәсінен уақтылы алынбаған жәрдемақылар сомасы мерзімдері шектелмей, өткен уақыт үшін біржолғы төленеді.

3-1. Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды алушы қайтыс болған жағдайда отбасы мүшелеріне не жерлеуді жүзеге асырған адамға 15,7 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жерлеуге арналған біржолғы төлем төленеді.

4. Жәрдемақы төлеу орталық атқарушы орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 6-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1999.04.05 № 366; 2004.12.20 № 13 (01.01.2005 бастап күшіне енеді), 2006.07.04. № 148 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 31.03.2014 № 180-V (01.04.2014 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.03.2015 № 293-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.11.2015 № 408-V (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.12.2015 № 433-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 06.04.2016 № 483-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **7-бап. Жәрдемақылардан ұстап қалу**

1. Жәрдемақылардан ұстап қалу атқару ісі тәртібімен жүргізілуі мүмкін.
2. Жәрдемақыдан ұстап қалу төленуге тиісті сомадан жүргізіледі.
3. Жәрдемақыдан төленуге тиісті соманың 25 процентінен артық ұстап қалуға болмайды.

4. Жәрдемақыны тағайындайтын және төлейтін органның кінәсі бойынша жәрдемақы түрінде артық төленген сомалар ұстап қалуға жатпайды.

#### **2 тарау. Мүгедектігі бойынша жәрдемақы**

#### **8-бап. Жәрдемақы тағайындау шарттары**

1. Мүгедектігі бойынша жәрдемақылар мүгедектікке душар болған жағдайда жәрдемақыға өтініш жасалған уақытта жұмыстың тоқтатылғанына немесе жалғасуына қарамастан тағайындалады.

2. Мүгедектігі бойынша жәрдемақылар қашан болғанына - жұмыс немесе қызмет кезінде, жұмысқа кіріскенге дейін немесе жұмысты тоқтатқаннан кейін болғанына қарамастан тағайындалады.

3. Алып тасталды - ҚР 02.08.2015 № 342-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4. Зейнетақы төлемдерін алуға құқық беретін жасқа жеткен мүгедек адамдарды қайта куәландыру олардың өтініші бойынша ғана жүргізіледі.

Ескерту. 8-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20. № 13 (01.01.2005 бастап күшіне енеді), 21.06.2013 № 106-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.03.2015 № 293-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.08.2015 № 342-V (01.01.2016 бастап қолданысқа

енгізіледі) Заңдарымен.

### **9-бап. Мүгедектік топтары**

Тіршілік ету әрекетінің, оның ішінде еңбек ету қабілетінің шектелу дәрежесіне қарай мүгедектік үш топқа бөлінеді.

Мүгедектіктің себептерін, топтарын, еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін, сондай-ақ мүгедектік туындаған уақытты МӘС бөлімшесі белгілейді.

Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын орталық атқарушы орган әзірлейді және бекітеді.

**Ескерту. 9-бап жаңа редакцияда - ҚР 17.03.2015 № 293-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **10-бап. Мүгедектігі бойынша жәрдемақы тағайындау мерзімі**

1. Мүгедектігі бойынша жәрдемақылар МӘС бөлімшесі белгілеген мүгедектіктің бүкіл кезеңіне тағайындалады.

1-1. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 1-3-тармақтарында және 64-бабында белгіленген жағдайлар болған кезде, осы Заңның 12-бабының 5-тармағына сәйкес мүгедектігі бойынша жәрдемақы төлеу тоқтатылады немесе жасына байланысты алатын зейнетақы төлемдерінің немесе еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшері ескеріле отырып қайта қаралады.

2. Мүгедектік тобы өзгерген жағдайда, жаңа мөлшерде жәрдемақы төлеу мүгедектік тобы өзгертілген күннен бастап жүзеге асырылады.

Қайта куәландырылушы еңбекке қабілетті деп танылған жағдайда, жәрдемақы еңбекке қабілетті деп танылған күнге дейін төленеді.

3. Егер мүгедек адам қайта куәландыруға осы үшін тағайындалған мерзімде МӘС бөлімшесіне келмесе, онда оған жәрдемақы төлеу тоқтатыла тұрады, ал ол мүгедек деп қайта танылған жағдайда, егер МӘС бөлімшесі оны осы кезеңде мүгедек деп таныса, бұл тоқтатылған күннен бастап, бірақ бір айдан аспайтын уақыт үшін қайта басталады.

Қайта куәландыру мерзімін дәлелді себеппен өткізіп алған жағдайда, жәрдемақы төлеу, егер МӘС бөлімшесі оны осы кезеңде мүгедек деп таныса, төлем тоқтатыла тұрған күннен бастап қайта куәландыру күніне дейін, бірақ үш жылдан аспайтын уақыт үшін жүргізіледі. Бұл ретте, егер қайта куәландыру кезінде мүгедек адам мүгедектіктің басқа (неғұрлым жоғары немесе неғұрлым

төмен) тобына ауыстырылса, онда көрсетілген уақыт үшін жәрдемақы бұрынғы топ бойынша төленеді.

**Ескерту. 10-бап жаңа редакцияда - ҚР 17.03.2015 № 293-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 02.08.2015 № 342-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 17.11.2015 № 408-V (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 20.06.2017 № 76-VI (01.07.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **11-бап. Мүгедектігі бойынша жәрдемақыға құқығы бар мүгедектердің санаттары**

Мүгедектігі бойынша жәрдемақыға құқығы бар мүгедектерге:

1) жалпы аурулардан, еңбекте мертігуден, кәсіби аурулардан мүгедек болғандар, он алты жасқа дейінгі мүгедек балалар, он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедек балалар;

1-1) бала кезінен мүгедектер;

2) мүгедектікке әскери қызметтен өту кезінде алған жарақаттың, контузияның, мертігудің, аурудың салдарынан душар болған мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер қатарынан шыққан мүгедектер, азаматтық немесе әскери мақсаттағы ядролық объектілердегі авариялардың зардаптарын жою кезінде не ядролық объектілердегі авариялық жағдайлар салдарынан мүгедек болған адамдар;

3) әскери қызмет міндеттерін, арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметін (қызмет міндеттерін) атқаруға байланысты емес жазатайым жағдайдың салдарынан болған мертігу не әскери және қызметтік борышын орындауға байланысты емес ауру салдарынан мүгедек болған жағдайда әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары мен бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитетінің басшы және қатардағы құрамының адамдары арасынан шыққан мүгедектер;

4) әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметті өткеру кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі, ауыруы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері, қызмет міндеттерін атқару кезінде Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары мен бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлері арасынан шыққан мүгедектер;

5) себеп-салдарлық байланысы анықталған жағдайда төтенше экологиялық жағдайлар, соның ішінде ядролық жарылыстар мен сынақтар кезіндегі



радиациялық әсер етудің салдарынан және/немесе олардың зардаптарынан болған мүгедектер жатады.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.11.16 № 482, 2002.03.21 № 308, 2004.12.31 № 28 (2005.01.01 бастап күшіне енеді), 2012.02.13 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **12-бап. Мүгедектігі бойынша жәрдемақылардың мөлшері**

1. Осы Заңның 11-бабының 1), 1-1) және 3) тармақшаларында көрсетілген мүгедектерге мүгедектігі бойынша айлық жәрдемақылар:

1) 2014 жылғы 1 сәуірден бастап:

бірінші топтағы мүгедектерге – республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленетін ең төмен күнкөріс деңгейінің (бұдан әрі – ең төмен күнкөріс деңгейі) 1,42 мөлшерінде;

екінші топтағы мүгедектерге – 1,11 ең төмен күнкөріс деңгейі; үшінші топтағы мүгедектерге – 0,78 ең төмен күнкөріс деңгейі; он алты жасқа дейінгі мүгедек балаларға – 1,05 ең төмен күнкөріс деңгейі;

бала кезінен бірінші топтағы мүгедектерге – 1,42 ең төмен күнкөріс деңгейі; бала кезінен екінші топтағы мүгедектерге – 1,16 ең төмен күнкөріс деңгейі; бала кезінен үшінші топтағы мүгедектерге – 0,91 ең төмен күнкөріс деңгейі; он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі бірінші топтағы мүгедек балаларға – 1,42 ең төмен күнкөріс деңгейі;

он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі екінші топтағы мүгедек балаларға – 1,16 ең төмен күнкөріс деңгейі;

он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі үшінші топтағы мүгедек балаларға – 0,91 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде;

2) 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап:

бірінші топтағы мүгедектерге – 1,92 ең төмен күнкөріс деңгейі;

екінші топтағы мүгедектерге – 1,53 ең төмен күнкөріс деңгейі;

үшінші топтағы мүгедектерге – 1,04 ең төмен күнкөріс деңгейі;

он алты жасқа дейінгі мүгедек балаларға - 1,40 ең төмен күнкөріс деңгейі;

бала кезінен бірінші топтағы мүгедектерге – 1,92 ең төмен күнкөріс деңгейі;

бала кезінен екінші топтағы мүгедектерге – 1,59 ең төмен күнкөріс деңгейі;

бала кезінен үшінші топтағы мүгедектерге – 1,20 ең төмен күнкөріс деңгейі;

он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі бірінші топтағы мүгедек балаларға – 1,92 ең төмен күнкөріс деңгейі;

он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі екінші топтағы мүгедек балаларға – 1,59 ең төмен күнкөріс деңгейі;

он алтыдан он сегіз жасқа дейінгі үшінші топтағы мүгедек балаларға – 1,20 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде тағайындалады.

2. Осы Заңның 11-бабының 2) және 5) тармақшаларында көрсетілген мүгедектерге мүгедектігі бойынша айлық жәрдемақылар:

1) 2014 жылғы 1 сәуірден бастап:

бірінші топтағы мүгедектерге – 1,69 ең төмен күнкөріс деңгейі;

екінші топтағы мүгедектерге – 1,36 ең төмен күнкөріс деңгейі;

үшінші топтағы мүгедектерге – 1,05 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде;

2) 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап:

бірінші топтағы мүгедектерге – 2,81 ең төмен күнкөріс деңгейі;

екінші топтағы мүгедектерге – 2,40 ең төмен күнкөріс деңгейі;

үшінші топтағы мүгедектерге – 2,01 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде тағайындалады.

3. Осы Заңның 11-бабының 4) тармақшасында көрсетілген мүгедектерге мүгедектігі бойынша айлық жәрдемақылар:

1) 2014 жылғы 1 сәуірден бастап:

бірінші топтағы мүгедектерге – 2,19 ең төмен күнкөріс деңгейі;

екінші топтағы мүгедектерге – 1,56 ең төмен күнкөріс деңгейі;

үшінші топтағы мүгедектерге – 1,05 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде;

2) 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап:

бірінші топтағы мүгедектерге – 3,44 ең төмен күнкөріс деңгейі;

екінші топтағы мүгедектерге – 2,65 ең төмен күнкөріс деңгейі;

үшінші топтағы мүгедектерге – 2,01 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде тағайындалады.

4. Жұмыс істейтін жәрдемақы алушыларға мүгедектігі бойынша айлық жәрдемақы толық мөлшерде төленеді.

5. Егер жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің немесе еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшері мүгедектердің тиісті санаттары үшін белгіленген мүгедектігі бойынша айлық жәрдемақының мөлшерінен аз болса, мүгедектігі бойынша айлық жәрдемақы төлеу жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне немесе еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдеріне мүгедектердің осы санаты үшін белгіленген мүгедектігі бойынша айлық жәрдемақы мөлшеріне дейінгі тиісті қосымша ақылар түрінде жүргізіледі.

**Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда - ҚР 31.03.2014 № 180-V Заңымен (01.04.2014 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 27.04.2015 №**

311-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.11.2015 № 408-V (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); ҚР 20.06.2017 № 76-VI Заңымен (01.07.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.10.2015 № 369-V (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **3 тарау. Асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша жәрдемақы**

#### **13-бап. Жәрдемақыны тағайындау шарттары**

1. Асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша жәрдемақы алуға, асыраушысы қайтыс болған отбасының еңбекке жарамсыз, оның асырауында болған мүшелерінің құқығы бар. Бұл орайда осы баптың 2-тармағының 3) тармақшасында аталған балалар мен адамдарға жәрдемақылар олар асыраушының асырауында болғандығына қарамастан тағайындалады.

2. Отбасының еңбекке жарамсыз мүшелері болып:

1) Егер он сегіз жасқа толғанға дейін мүгедек болып қалса, он сегіз жасқа толмаған және осы жастан асқан балалары (оның ішінде асырап алған балалары, өгей ұлдары мен өгей қыздары), аға-інілері, апа-сіңлілері және немерелері есептеледі, бұл орайда аға-інілері, апа-сіңлілері және немерелері - егер олардың еңбекке жарамды ата-аналары болмаса, өгей ұлдары мен қыздары - егер олар ата-аналарынан алимент алмаса есептеледі.

Асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша жәрдемақы алуға құқығы бар кәмелетке толмағандар бұл құқықты өздерін асырап алған кезде де сақтайды;

2) егер зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарға сәйкес зейнеткерлік жасына жетсе, әкесі, шешесі (оның ішінде асырап алушылар), зайыбы, жұбайы;

3) егер қайтыс болған асыраушысының 8 жасқа толмаған балаларын, інілерін, қарындастарын немесе немерелерін күтумен айналысса және жұмыс істемейтін болса, жасы мен еңбекке жарамдылығына қарамастан ата-аналардың немесе жұбайлардың біреуі не атасы, әжесі, аға-інісі немесе апа-сіңлісі;

4) егер зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңдарға сәйкес зейнеткерлік жасына жетсе және заң бойынша асырауға міндетті адамдары болмаса және өмір сүру үшін басқа қаражат көздері жоқ болса, атасы мен әжесі есептеледі.

3. Он сегіз жастан асқан білім алушы азаматтардың асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша күндізгі оқу нысанындағы жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жүйеде, жоғары білім беру жүйесінде оқу орнын бітіргенге дейін, бірақ жиырма үш жастан аспайтын шекте жәрдемақы алуға құқығы бар.

4. Қайтыс болған адамның асырауындағы отбасы мүшелері, егер олар оның толық асырауында болса немесе одан өздері үшін өмір сүрудің тұрақты және негізгі қаражат көзі болған көмек алып тұрса, оның асырауында болған деп есептеледі.

5. Ата-анасының екеуінен де айырылған балаларға (тұлдыр жетімдерге) тағайындалған жәрдемақылар олардың заңды өкіліне төленеді.

6. Осы Заңның қайтыс болғандардың отбасына қатысты барлық нормалары, егер бұл фактілер сот тәртібімен белгіленген болса, тиісінше хабар-ошарсыз кеткендердің немесе қайтыс болды деп жарияланғандардың отбасына да қолданылады.

Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.11.16 № 482, 2007.07.27. № 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.08.2015 № 342-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 20.06.2017 № 76-VI (01.07.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **14-бап. Жәрдемақы тағайындалатын кезең**

Асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша жәрдемақы қайтыс болған адамның отбасы мүшесі осы Заңның 13-бабына сәйкес еңбекке жарамсыз деп саналатын бүкіл кезеңге, ал "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес зейнетақы төлемдерін алуға құқық беретін жасқа жеткен отбасы мүшелеріне өмір бойына белгіленеді.

#### **15-бап. Отбасының барлық мүшелеріне бір жәрдемақы тағайындау**

1. Асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша жәрдемақыға құқығы бар отбасының барлық мүшелеріне ортақ бір жәрдемақы тағайындалады.

2. Отбасы мүшесінің талап етуі бойынша оның жәрдемақы үлесі бөлінеді және оған жеке төленеді.

3. Жәрдемақының үлесін бөлу оны бөлуге өтініш жасаған күннен бастап жүзеге асырылады.

4. Асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша жәрдемақымен қамсыздандырылған отбасы мүшелерінің саны өзгерген кезде жәрдемақының мөлшері жәрдемақыға құқығы бар отбасы мүшелерінің санына қарай тиісінше көбейтіледі немесе азайтылады.

5. Отбасының мүшелерінің біреуіне жәрдемақы төлеу тоқтатыла тұрған немесе жәрдемақы төлеуді тоқтата тұруға себеп болған жағдаяттар өткеннен

кейін оны төлеу қайта басталған жағдайларда да жәрдемақы мөлшерін нақ солайша қайта қарау белгіленеді.

## **16-бап. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақылардың мөлшері**

1. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша айлық жәрдемақының ең жоғары мөлшері:

1) 2014 жылғы 1 сәуірден бастап отбасының еңбекке жарамсыз барлық мүшелеріне 1,69 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде;

2) 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап отбасының еңбекке жарамсыз барлық мүшелеріне 2,11 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде тағайындалады.

2. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша айлық жәрдемақы:

1) 2014 жылғы 1 сәуірден бастап:

отбасының еңбекке жарамсыз бір мүшесі болған кезде – 0,69 ең төмен күнкөріс деңгейі;

екеу болған кезде – отбасының еңбекке жарамсыз барлық мүшелеріне 1,19 ең төмен күнкөріс деңгейі;

үшеу болған кезде – отбасының еңбекке жарамсыз барлық мүшелеріне 1,48 ең төмен күнкөріс деңгейі;

төртеу болған кезде – отбасының еңбекке жарамсыз барлық мүшелеріне 1,57 ең төмен күнкөріс деңгейі;

бесеу болған кезде – отбасының еңбекке жарамсыз барлық мүшелеріне 1,62 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде тағайындалады.

Отбасының еңбекке жарамсыз алты және одан да көп мүшесі болған кезде әрқайсысына жәрдемақының мөлшері 1,69 ең төмен күнкөріс деңгейінің бірдей үлесі ретінде есептеледі.

2) 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап:

отбасының еңбекке жарамсыз бір мүшесі болған кезде – 0,86 ең төмен күнкөріс деңгейі;

екеу болған кезде – отбасының еңбекке жарамсыз барлық мүшелеріне 1,49 ең төмен күнкөріс деңгейі;

үшеу болған кезде – отбасының еңбекке жарамсыз барлық мүшелеріне 1,85 ең төмен күнкөріс деңгейі;

төртеу болған кезде – отбасының еңбекке жарамсыз барлық мүшелеріне 1,96 ең төмен күнкөріс деңгейі;

бесеу болған кезде – отбасының еңбекке жарамсыз барлық мүшелеріне 2,03 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде тағайындалады.

Отбасының еңбекке жарамсыз алты және одан да көп мүшесі болған кезде әрқайсысына жәрдемақының мөлшері 2,11 ең төмен күнкөріс деңгейінің бірдей үлесі ретінде есептеледі.

3. Ата-анасының екеуінен де айырылған жағдайда – жетім балаларға асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша айлық жәрдемақы:

1) 2014 жылғы 1 сәуірден бастап әрбір балаға – 0,94 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде, отбасының еңбекке жарамсыз қалған мүшелеріне 0,43 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде, бірақ отбасының еңбекке жарамсыз барлық мүшелеріне 2,05 ең төмен күнкөріс деңгейінен аспайтын мөлшерде;

2) 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап әрбір балаға – 1,18 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде, отбасының еңбекке жарамсыз қалған мүшелеріне 0,54 ең төмен күнкөріс деңгейі мөлшерінде, бірақ отбасының еңбекке жарамсыз барлық мүшелеріне 2,56 ең төмен күнкөріс деңгейінен аспайтын мөлшерде тағайындалады.

4. Қызметтік міндеттерін атқару немесе әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеру кезінде қаза тапқан немесе жаралануы, контузия алуы, мертігуі, ауыруы салдарынан қайтыс болған әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік органдар, ішкі істер органдары және Қазақстан Республикасының бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитеті қызметкерлерінің отбасы мүшелеріне асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша айлық жәрдемақының мөлшері отбасының еңбекке жарамсыз әрбір мүшесіне 0,25 ең төмен күнкөріс деңгейіне, бірақ:

1) 2014 жылғы 1 сәуірден бастап – отбасының барлық мүшелеріне 2,5 ең төмен күнкөріс деңгейінен аспайтын мөлшерде;

2) 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап – отбасының барлық мүшелеріне 2,56 ең төмен күнкөріс деңгейінен аспайтын мөлшерге ұлғайтылады.

5. Егер отбасының еңбекке қабілетсіз мүшесі алатын жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша алатын айлық жәрдемақының мөлшерінен аз болса, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша айлық жәрдемақы төлеу жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне отбасының еңбекке қабілетсіз осы мүшелері үшін белгіленген, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша айлық жәрдемақы мөлшеріне дейінгі тиісті қосымша төлемдер түрінде жүргізіледі.

**Ескерту. 16-бап жаңа редакцияда - ҚР 31.03.2014 № 180-V Заңымен (01.04.2014 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 27.04.2015 № 311-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.11.2015 № 408-V (01.03.2016 бастап қолданысқа**

енгізіледі) Заңдарымен.

#### **4 тарау. Жасына байланысты жәрдемақылар**

Ескерту. 4-тарау алып тасталды - ҚР 02.08.2015 № 342-V Заңымен (01.07.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

#### **5 тарау. Қорытынды және өтпелі ережелер**

##### **19-бап. Халықаралық шарттар**

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

##### **20-бап. Мемлекеттік кепілдіктер**

1. 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылып келген заңдар бойынша әлеуметтік зейнетақылар, мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша зейнетақылар тағайындалған адамдарға 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап бюджет қаражаты есебінен 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін іс жүзінде алып келген зейнетақыларының мөлшерінен кем емес мөлшерде мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар төленеді.

2. Аталған жәрдемақыларды төлеу осы Заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 20-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

##### **21-бап. Осы Заңды бұзғаны үшін жауаптылық**

Осы Заңды бұзғаны үшін жауаптылық Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленеді.

Ескерту. 21-бап жаңа редакцияда - ҚР 02.08.2015 № 342-V Заңымен (01.07.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

##### **22-бап. Осы Заңның күшіне енгізілу тәртібі**

Осы Заң 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Президенті	
---	--